



010000, Астана , Парламент Мәжілісі

201__ жылғы “ _____ ” _____
№ _____

010000, Астана, Мажилис Парламента

«__» _____ 201__ года
№ _____

Қазақстан Республикасы
Премьер-Министрінің орынбасары
Е. А. Досаевқа

2018 жылғы 21 ақпанда
жарияланды

Депутаттық сауал

Құрметті Ерболат Асқарбекұлы!

Елбасы Н. Ә. Назарбаевтың 2015 жылғы 30 қарашадағы «Қазақстан жаңа жаһандық нақты ахуалда: өсу, реформалар, даму» Жолдауында берген тапсырмасына сәйкес өткен жылдан бастап елімізде «Баршаға арналған тегін кәсіби-техникалық білім» бағдарламасы іске асырылып жатқандығы мәлім. Бұл игі бастаманың, әсіресе, ел ертеңі – жастарымыздың, ұлы Абай айтқандай, «дүниеге бір кірпіш болып қалануы» үшін маңызы зор. Сонымен қатар, арада өткен уақыт аталмыш бағдарламаны қаржыландыруды және оны іске асыру тетіктерін әлі де жетілдіре түсу қажеттігін көрсетіп отыр. Бұған біз биылғы жыл басында өңірлерде болып, кәсіби-техникалық білім беру ұйымдарының ұжымдарымен кездескенімізде көз жеткіздік.

Біріншіден, колледждерге Нәтижелі жұмыспен қамтуды және жаппай кәсіпкерлікті дамытудың 2017 – 2021 жылдарға арналған бағдарламасы (бұдан әрі – нәтижелі жұмыспен қамту бағдарламасы) шеңберінде бөлінген қаражат жеткіліксіз болып отыр. Себебі бір студентке (стипендияны қоспағанда) ай сайын бөлінетін 32831 теңгеден міндетті ыстық тамаққа жұмсалатын 13450 теңгені алып тастағанда, оқыту шығындары үшін небары 19381 теңге қалады. Ал бұл сома тиісті қажеттілікке сәйкес 32800 теңгеден кем болмауға тиісті.

Екіншіден, нәтижелі жұмыспен қамту бағдарламасы бойынша білім алып жүрген әрбір студенттің тамақтануына бөлінген 13450 теңге, немесе әрбір күнге шаққанда 538 теңге аздық ететіндігі анық. Бұл сома 2012 жылы қолданыстағы

заңнамаға сәйкес есептеліп бекітілген болып шықты. Алайда, содан бері оған ешқандай индекстеу жүргізілмеген. Мамандардың есептеуінше, бұл сома биылғы жылы айына кемінде 18380 теңге, немесе әрбір күнге шаққанда 735 теңге болуы керек.

Жоғарыда аталған өзекті мәселелерге байланысты нәтижелі жұмыспен қамту бағдарламасы бойынша кадрлар даярлауға бөлінетін мемлекеттік білім беру тапсырысының құнын қайта қарауды ұсынамыз.

Үшіншіден, нәтижелі жұмыспен қамту бағдарламасы бойынша тегін білім алып жүрген студенттерге стипендия оқу үлгеріміне қарамай төленеді. Ал мемлекеттік білім гранттары арқылы білім алып жүрген студенттер, тіпті олардың ішіндегі көз мүгедектері мен есту бойынша мүгедектер және жетім балалар да емтихан сессиясының нәтижесінде академиялық қарыз болып қалса, немесе аралық аттестаттауда қанағаттанғысыз деген баға алса, стипендиядан қағылады. Колледждердің ұстаздары білім беру сапасын арттыру мақсатында нәтижелі жұмыспен қамту бағдарламасы бойынша тегін білім алып жүрген студенттерге де осындай талап қойған жөн деп санайды.

Төртіншіден, нәтижелі жұмыспен қамту бағдарламасы бойынша үздік оқитын студенттер мен жетім балаларға мемлекеттік білім беру гранттары бойынша үздік оқитын студенттер мен жетім балалар алып жүрген көтеріңкі стипендия төленбейді. Бұл олардың оқуға ынтасын кемітеді және онсыз да қиын жағдайда жүрген жетім балалардың көңілдеріне қаяу түсіреді.

Кәсіби-техникалық колледждерде мемлекеттік білім беру гранттарымен және нәтижелі жұмыспен қамту бағдарламасы бойынша тегін білім алып жүрген студенттердің арасындағы, міне, осындай әлеуметтік-құқықтық сипаттағы елеулі айырмашылықтар олардың орынды реніштерін туындатып тұр. Осыған орай «Білім беру ұйымдарында білім алушыларға мемлекеттік стипендияларды тағайындау, төлеу қағидаларын және олардың мөлшерлерін бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2008 жылғы 7 ақпандағы N 116 Қаулысына тиісті түзетулер енгізуді ұсынамыз.

Бесіншіден, Білім және ғылым министрінің 2017 жылғы 30 қаңтардағы №35 Бұйрығымен бекітілген «Техникалық және кәсіптік білімі бар кадрларды даярлауды және қысқа мерзімді кәсіптік оқытуды ұйымдастыру қағидаларына» сәйкес аудандық (қалалық) Білім бөлімі нәтижелі жұмыспен қамту бағдарламасы бойынша кәсіби-техникалық колледжге оқуға түсуге ынта білдірген әрбір үміткерге жолдама береді. Үміткер сол жолдамамен өзі таңдаған колледжге барады. Колледж оны өңірлік Білім басқармасына аттандырады. Ал Білім басқармасы үміткерге өзінің жолдамасын тапсырып, қайтадан сол колледжге жібереді. Міне, осындай бюрократиялық әуре-сарсаңды болдырмау мақсатында жоғарыда аталған қағидаларға түзету енгізуді ұсынамыз. Бұған қоса, үміткерлердің өздері қалаған мамандықтары бойынша оқуға түсулеріне ыңғайлы болуы үшін нәтижелі жұмыспен қамту бағдарламасына қатысушы колледждердің қабылдау комиссияларында онлайн-режимде жұмыс істейтін бірыңғай электрондық база болуын қамтамасыз еткен жөн.

Осы депутаттық сауалға жауапты «Қазақстан Республикасының Парламенті және оның депутаттарының мәртебесі туралы» Конституциялық заңның 27-ші бабына сәйкес жазбаша беруіңізді өтінеміз.

Құрметпен,
депутаттар,
«Нұр Отан» партиясы
Фракциясының мүшелері

К. Мұсырман
Б. Мамраев
З. Аманжолова
Ә. Бектұрғанов
Б. Хаменова

Орынд.: А. Канафина
Тел.: 74-62-21